

Ерікті зейнетақы жарналары бөлігінде жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі өзгерістер





ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ (ЕЗЖ) - ҚР заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына БЖЗҚ-ға және (немесе) ЕЖЗҚ-ға салымшылардың өз бастамасы бойынша салатын ақшасы және (немесе) «ҚР екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» ҚР заңына сәйкес депозиттерді міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйымдар БЖЗҚ-ға аударатын кепілді депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы.



ЕЗЖ АУДАРА АЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

- өз пайдасына өз табысының есебінен жеке тұлғалар;
- үшінші тұлғаның пайдасына жеке және заңды тұлғалар.



ЕЗЖ ЕСЕБІНЕН БЖЗҚ-дан ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР ТҰЛҒАЛАР

- 50 жасқа толған адамдар
- мүгедектігі бар адамдар
- Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары тұрақты тұратын жерге кететін немесе кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттар берген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғалар
- БЖЗҚ-да кемінде бес жыл* ЕЗЖ және оларға есептелген инвестициялық табыс сомасы шегінде зейнетақы жинақтары бар тұлғалар






ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен төлемдер кезеңділігін (ай сайын, жыл сайын, бірден, бекітілген сома түрінде не толық көлемде) алушы БЖЗҚ-ға өтініш беру арқылы өз бетінше анықтайды.

** 2021 жылғы мамырдан бастап күшіне енген ҚР заңнамасына енгізілген жаңалық*

Зейнетақы есептеу мысалдары*


 <p>Салымшы 1, 30 жас</p> <p>Қосымша ерікті зейнетақы жарналарын аударады</p>	<p>«БЖЗҚ» АҚ сайтына орналастырылған зейнетақы калькуляторы арқылы есептелген бірнеше мысалды назарларыңызға ұсынамыз:</p> 	 <p>Салымшы 2, 30 жас</p> <p>Тек міндетті зейнетақы жарналарын салады</p>
01.01.1991 ж.	туған күні	01.01.1991 ж.
01.01.2054 ж.	зейнетке шығатын күні	01.01.2054 ж.
жоқ	1998 жылға дейінгі өтілі	жоқ
33 жыл	зейнетке шығатын сәттегі ЖЗЖ-дағы өтілі	33 жыл
210 191 теңге	жалақы мөлшері	210 191 теңге
жалақыдан 5%	ЕЗЖ	аудармаған

ОП-ОҢАЙ: ҚАЗІР ҚАНША ЖИНАСАҢЫЗ – ЕРТЕҢ СОНША АЛАСЫЗ

Сіздің деректеріңіз мысалында келешектегі зейнетақыны есептеуге болатын <http://www.enpf.kz/ru/> «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы калькуляторымен танысуды ұсынамыз.

**Зейнетақы жинақтары бар
ерікті зейнетақы жарналары бойынша
БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының саны**

(мың бірлікпен)



01.10.2021ж. жағдаймен Қазақстан Республикасы бойынша

ЖЗШ саны (жинағы бар) 53 718

Зейнетақы жинақтарының сомасы 1 621 547 мың тңг.

Ұжымдық (корпоративтік) және жеке ерікті зейнетақы жоспарлары



Қызметкер
жарнасы



Жұмыс беруші
жарнасы

Дамыған елдерде кеңінен тараған ұжымдық (корпоративтік) ерікті зейнетақы жоспарларында қызметкер мен жұмыс беруші бірлескен жарналарды қызметкердің зейнетақы шотына аударады.

Жұмыс беруші үшін пайда: қызметкерлер ЕЗЖ-ін бірлесіп қаржыландыру есебінен салық салынатын пайданы азайту; қызметкерлер арасында ынтаны көтеру.

Қызметкер үшін пайда: шетелде «matching contribution» ретінде белгілі жұмыс берушіден жарналар алу.

(Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия).

Жұмыс беруші қолданатын басқа кеңінен таралған талап – жұмыс берушінің жарналары есебінен құралған барлық ерікті жинақ ұйымдағы еңбек қызметінің белгілі бір мерзімі өткен соң қызметкердің меншігіне өтеді (мысалы: 12 немесе 24 ай). Шетелде мұндай өту “vesting period” – меншікке өту кезеңі деп аталады. Осылайша, бұл жұмыс берушіге жұмыс орнын ауыстыруға мүдделі қызметкерді емес, негізгі қызметкерлерді ұстауға көмектеседі.



Жеке тұлға
жарналары



Мемлекет
сыйлықақысы

Жеке ерікті зейнетақы жарналары аясында ЕЗЖ аударуға қатысуды ынталандыру ретінде салымшылардың жеке жарналары белгіленген шекте мемлекеттен субсидиялармен толықтырылады (Германия, Малайзия, Түркия).

ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-ны автоматты түрде (өтінішсіз) ашу

01.05.2021 ж. бастап ЕЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын ашу төмендегілер негізінде жүзеге асырылады:



ЕЗЖ аударған кезде БЖЗҚ-ға агенттер (заңды тұлғалар) беретін жеке тұлғалардың тізімдері;



өз пайдасына немесе үшінші тұлға пайдасына ЕЗЖ аударған кезде ЕЗЖ салымшысынан БЖЗҚ-ға түскен бастапқы ЕЗЖ сомасы;



«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес депозиттерді міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйымдардан БЖЗҚ-ға түскен кепілді өтемнің бастапқы талап етілмеген сомасы.



ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ ашқан кезде **жеке тұлғаны сәйкестендіру** ЕЗЖ аударған кезде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген жеке деректер (ТАӨ, ЖСН, туған күні) бойынша **жүзеге асырылады**, ал барлық қажет деректі (жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжатының деректемелері, тұрақты тұратын жері және басқа мәліметтер) **БЖЗҚ тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады.**

БЖЗҚ-ға ЕЗЖ төлеу нұсқалары



Салымшы/алушы
(меншікті қаражат есебінен)



- Қызметкер өз табысынан өз пайдасына ЕЗЖ төлеуді өз бетінше жүзеге асыра алады.

- Қызметкер жұмыс берушімен келісіп, бухгалтерияға өтініш бере алады, оның негізінде қызметкер көрсеткен сома ай сайын оның жалақысынан оның БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-ына автоматты түрде аударылады.

Қызметкер өз пайдасына төленген ЕЗЖ шығыстары бойынша салықтық шегерім қолдануға құқылы, ол үшін жұмыс берушіге растаушы құжаттар беруге құқылы: ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт, ЕЗЖ төлеуді растайтын құжат.



Жұмыс беруші арқылы
(жұмыс берушінің қаражаты есебінен)




Жұмыс беруші меншікті қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ЕЗЖ төлеуге құқылы.

2021 жылғы қаңтардан бастап:

қызметкер пайдасына жұмыс беруші аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қаралмайды, ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыс корпоративтік табыс салығын есептеген кезде шегерілуі тиіс.

БЖЗҚ-ға ЕЗЖ төлеу тәсілдері



Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілдері

Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты білуге болатын тәсілдер:



«БЖЗҚ» АҚ КЕҢСЕЛЕРІНДЕ



www.enpf.kz сайтындағы
ЖЕКЕ КАБИНЕТ АРҚЫЛЫ



ПОШТА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ
АРҚЫЛЫ



ENPF ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ
КАБИНЕТ АРҚЫЛЫ



БЖЗҚ-ға берілген мекенжайға
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА АРҚЫЛЫ



egov.kz ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ ЖӘНЕ
ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ

Telegram – бот
«БЖЗҚ» АҚ



@ENPFbot

- ЖЗШ жай-күйі туралы ақпарат
- Электрондық мекенжайға үзінді көшірме жіберу
- Қаржылық көрсеткіштер
- Жақын бөлімше
- Жаңалықтар
- Сұрақ – жауап (FAQ)

 www.enpf.kz enpf@enpf.kz 1418

Көңіл бөлгеніңіз үшін рақмет!

